

Бекітемін



Тақырыбы: Дыбыстар әлеміне саяхат

«Күншуақ » мектепалды тобы.

Тәрбиеші: Ергалиева А.С

2026 оқу жылы

Тақырыбы: Дыбыстар әлеміне саяхат
Білім беру саласы: Сауат ашу / Дыбыс пен әріп
Ұйымдастырылған іс-әрекет түрі:
Ойын арқылы оқыту

Мақсаты:

Балалардың дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы білімдерін бекіту. Дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау және сөйлем құрау дағдыларын дамыту.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:

Ұйымдастыру кезеңі (қызығушылық ояту)

Балалар шеңберге тұрады.

Тәрбиеші:

– Біз бүгін «Дыбыстар әлеміне саяхатқа» шығамыз. Ол жерде бізді түрлі тапсырмалар мен ойындар күтеді.

Негізгі бөлім (ойындар арқылы оқу)

Ойын 1: «Қандай дыбыстан басталады?»

Тәрбиеші: Есіктерді ашады (суреттері бар карточкалар).

Балалар:

Суретті атайды

Сөздің бастапқы дыбысын айтады

Дауысты болса – көк текше

Дауыссыз болса – қызыл текше қояды

Ойын 2: «Адасқан дыбыстар»

Балаларға екі «үй» беріледі:

Дауысты дыбыстар үйі

Дауыссыз дыбыстар үйі

Суреттер/дыбыстар араласып беріледі.

Тапсырма мақсаты: дыбыстарды ажырату

Ойын 3: «Буынға бөлейік»

Алдарында суреттер беріледі.

Балалар:

Сөзді айтады

Буынға бөледі

Текшемен белгілейді

Сызба жасайды

Ойын 4: «Дыбыстық талдау шебері»

Балаларға суреттер беріледі.

Олар:

Сөзді айтады

Әр дыбысты бөледі

Дыбыс санын текшемен көрсетеді

Ойын 5: «Сөйлем құрастыр»

Суреттер беріледі (мысалы: бала, алма, мектеп, доп).

Балалар:

Суреттерді тандап

Сөйлем құрайды

Сөйлемді дауыстап оқиды

Ойын 6: «Қ дыбысының орнын тап»

Балаларға сөздер беріледі немесе суреттер көрсетіледі.

Олар анықтайды:

Қ дыбысы басында ма?

ортасында ма?

соңында ма?

3. Қорытынды бөлім

«Саяхаттан оралу»

Балалар шеңберге жиналады.

Сұрақтар:

Қандай дыбыстарды ажыраттық?

Қай ойын ұнады?

Қ дыбысы қай жерде кездеседі?

Бағалау

- Көк текше – дұрыс жауап
- Қызыл текше – қателерді түзету
- Жұлдызша/смайлик арқылы мадақтау